

БЕКІТІЛДІ

Басқарманың Шешімімен
«Еуразиялық Сауда Жүйесі»
тауарлық биржасы» АҚ,
хаттама № _____ « _____ » _____
2011 жылы

**«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ электрондық құжат айналымы жүйесінде
электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы КЕЛІСІМ
об использовании электронной цифровой подписи в системе электронного документооборота АО
«Товарная биржа «Евразийская Торговая Система»**

1-бап. Терминдер мен анықтамалар

«ЕСЖ» - «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ.

«ЭҚЖ жүйесі» - ЕСЖ электрондық құжат айналымы жүйесі, шифрланған және қол қойылған электрондық хабарламаларды беруге арналған.

«Тарап» – ЕСЖ, сондай-ақ осы Келісімге қосылған және Тараптар тізімінде аталған кез келген өзге тұлға.

«электрондық құжат» (электрондық-цифрлық нысандағы құжат) – ЭҚЖ жүйесі арқылы жіберілген электрондық хабарлама.

«ЭЦҚ» - электрондық цифрлық қолтаңба.

Осы Келісімде пайдаланылатын өзге терминдер мен ұғымдар ҚР заңнамасына сәйкес түсіндіріледі.

2-бап. Тараптар мен осы Келісімді жасасу тәртібі

2.1. Осы Келісімнің тарапы кез келген заңды тұлға бола алады.

2.2. Осы Келісімді жасасу ЕСЖ-ға қосылу туралы жазылу парағын ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

2.3. ЕСЖ осы Келісімнің шарттарымен таныстыру мақсатында оның мәтінін www.ets.kz сайтында Интернет желісінде жариялайды.

3-бап. Осы Келісімнің нысаны, жалпы ережелер

3.1. Осы Келісім ЭҚЖ жүйесінде ЭЦҚ-ны пайдаланудың жалпы жағдайлары мен тәртібін белгілейді.

3.2. Тараптар мыналарды мойындайды:

3.2.1. олардың арасында электрондық құжаттармен алмасу кезінде, оның ішінде мәмілелер жасасу процесінде ЭЦҚ пайдаланылуы мүмкін;

3.2.2. электрондық құжаттар осындай ЭЦҚ-ның Ашық кілттерінің тіркеу куәліктері күшін жоймаған болса (аталған тіркеу куәліктері ЕСЖ-да жасалып, ЕСЖ-да сақталады), электрондық құжаттағы ЭЦҚ-ның түпнұсқалығы расталса, ЭЦҚ Ашық кілтінің тіркеу куәліктерінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес пайдаланылса, өздері қол қоятын бумажный тасымалдағыштардағы тиісінше куәландырылған қол қойылған құжаттармен тең заңды күшке ие болады;

- осындай ЭЦҚ Ашық кілттерінің тіркеу куәліктері күшін жоймаған (аталған тіркеу куәліктері ЕСЖ-да тіркеліп, ЕСЖ-да сақталады);
 - электрондық құжаттағы ЭЦҚ-ның түпнұсқалығы расталған;
 - ЭЦҚ Ашық кілтінің тіркеу куәліктерінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес пайдаланылады;
- 3.2.3. ЭЦҚ Тарапқа немесе оның уәкілеттігі берілген тұлғаға тиесілі болып есептеледі, егер Ашық кілттің тіркеу куәлігі сол Тарап (тұлға) атына ЕСЖ-да тіркелген болса;
- 3.2.4. электрондық құжат Тарапта шыққан болып есептеледі, егер ол ЭЦҚ-мен қол қойылса, оның Ашық кілті сол Тараптың (оның уәкілетті тұлғасының) атына ЕСЖ-да тіркелген болса;
- 3.3. Электрондық құжатқа тиесілі ЭЦҚ-мен заңсыз қол қою тәуекелі оның атына (уәкілеттігі берілген тұлғаның атына) тіркеу куәлігі берілген Тарап тарапынан болады.
- Тараптар ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжаттармен алмасу нәтижесінде жасалған мәмілелерді таниды және бекітеді.

4-бап. ЭЦҚ-ны пайдалану жағдайлары мен тәртібі

- 4.1. Осы Келісімге сәйкес ЭЦҚ ЭҚЖ жүйесінде деректерді өңдеу кезінде кез келген электрондық құжаттармен алмасу кезінде пайдаланылады.
- 4.2. ЭЦҚ пайдаланылып мәміле жасасылған жағдайда мәміле жасасушы тұлғалар Тараптар болуы тиіс.
- 4.3. ҚР нормативтік құқықтық актілеріне, Тараптардың келісіміне немесе іскерлік айналыс дәстүрлеріне сәйкес рәсімделуі тиіс электрондық құжат нотариалды куәландыруға жатса, ол ЭЦҚ-мен қол қойылуы мүмкін емес.
- 4.4. Электрондық құжатқа тек ЕСЖ-да тіркелген және активтендірілген Ашық кілтке ие ЭЦҚ ғана қол қоя алады.
- 4.5. Тарап жіберушінің ЭЦҚ Ашық кілтінің болмауын сілтеме ретінде пайдалана алмайды.
- 4.6. ЭЦҚ-ның түпнұсқалығын тексеруден және растаудан өтпеген кез келген электрондық құжат жарамсыз болып есептеледі.
- 4.7. Бір Тарапқа (немесе оның уәкілетті тұлғасына) тиесілі ЭЦҚ-мен қол қойылған және екінші Тараптың жүйесінде алынған электрондық құжат Тараптар арасында жасалған шартпен тең болып есептеледі.
- 4.8. ЭЦҚ кілттерін беру мен тіркеу тәртібі, ЭЦҚ кілттерінің сертификаттарын қалыптастыру мен активтендіру тәртібі ЕСЖ-ның ішкі нормативтік актілерімен белгіленеді.

5-бап. Келіспеушіліктерді реттеу рәсімі

- 5.1. Тараптар арасында ЭЦҚ-ны пайдалануға байланысты дауларды туындаған жағдайда, сотқа жүгінбес бұрын Тараптар талапнама тәртібін сақтауға міндетті.
- 5.2. Талапнамада мыналар көрсетіледі:
- а) өтініш берушінің талаптары;
 - б) талапнама сомасы мен оның негізделген есептемесі, егер талапнама ақшалай бағалауға жатса;
 - в) талаптар негізделетін мән-жайлар мен оларды растайтын дәлелдемелер;
 - г) талапнамаға тіркелген құжаттар мен өзге де дәлелдемелер тізімі;
 - д) дауды реттеу үшін қажетті өзге мәліметтер.
- 5.3. Талапнама алынған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қаралады.
- 5.4. Талапнамаға жауапта талапнамадағы танылған және танылмаған талаптар көрсетіледі.
- 5.5. Талапнаманы толық немесе ішінара қанағаттандырудан бас тартқан кезде жауапта мыналар көрсетіледі:
- а) тиісті НҚА-ға сілтемемен бас тартудың негізделген себептері;
 - б) бас тартуды негіздейтін дәлелдемелер;
 - в) талапнамаға жауапқа тіркелген құжаттар, өзге де дәлелдемелер тізімі.

5.6. Талапнама мен талапнамаға жауап жазбаша нысанда, хабарламаның тапсырылғанын растайтын байланыс құралдарын пайдаланып жіберіледі.

5.7. Талапнаманы толық немесе ішінара қанағаттандырудан бас тартқан, нақты қанағаттандырылмаған немесе мерзімінде жауап берілмеген жағдайда дау сотта шешіледі.

6-бап. Дауларды шешу орны, қолданылатын заңнама

6.1. Тараптар арасында туындаған даулар ЕСЖ Биржалық арбитражында оның Регламентіне сәйкес қаралады.

6.2. Осы Келісім мен онымен байланысты Тараптар қатынастары ҚР заңнамасымен реттеледі.

7-бап. Дауларды шешу кезіндегі дәлелдеу жүктемесі

7.1. Электрондық құжаттағы ЭЦҚ-ның болуы туралы даулар туындаған жағдайда дәлелдеу жүктемесі ЭЦҚ-ның болуын дәлелдеуге мүдделі Тарапқа жүктеледі.

7.2. Электрондық құжатқа ЭЦҚ-мен қол қойылғаннан кейін оған өзгерістер енгізілу фактісі туралы даулар туындаған жағдайда дәлелдеу жүктемесі өзгерістер енгізілмегенін дәлелдеуге мүдделі Тарапқа жүктеледі.

7.3. Тараптардың бірінің ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжатты алу фактісі туралы даулар туындаған жағдайда дәлелдеу жүктемесі электрондық құжатты алмағанын дәлелдеуге мүдделі Тарапқа жүктеледі.

8-бап. Жауапкершілік

8.1. Әрбір Тарап тиесілі ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжаттардың мазмұны үшін жауапты.

8.2. Тараптар байланыс арналары арқылы берілетін электрондық хабарламаларды орындаудың мүмкін болатын уақытша кешігулері және/немесе мазмұнының бұрмаланулары үшін жауапты емес.

8.3. Серіктестік Тараптардың ЭЦҚ-ны тиісінше пайдаланбауы немесе пайдаланбауы салдарынан туындаған залалдары үшін жауапты емес.

9-бап. Осы Келісімге өзгерістер енгізу тәртібі

9.1. Осы Келісімге және оның қосымшаларына өзгерістер Директорлар кеңесінің шешімдерімен біржақты тәртіппен енгізіледі.

9.2. Осы Келісімнің өзгертілген редакциясының мәтіні осы Келісімнің 2.3-тармағымен қарастырылған тәртіппен жарияланады.

9.3. Осы Келісімнің барлық редакцияларының мәтіндері мен оған қосымшалар, ЕСЖ уәкілеттігі берілген тұлғасының қолымен куәландырылып, ЕСЖ-да сақталады.

9.4. Кез келген Тарап кез келген уақытта ЕСЖ-ға өзінің жазылу парағын кері алу туралы хабарлама беруге құқылы.

Жазылу парағы ЕСЖ-ның кері алу туралы хабарламаны алған күннен кейінгі жұмыс күнінен бастап кері алынған болып есептеледі.

Жазылу парағын кері алу күні туындағаннан кейін осы Келісімнің қолданылуы аталған хабарламаны берген Тарапқа қатысты тоқтатылады.

11-бап. Өзге

11.1. Тараптар қатынасына электрондық хабарламаны жіберу кезінде қолданыстағы осы Келісімнің редакциясы қолданылады.

11.2. Электрондық құжатқа бір Тарап екінші Тарап атынан ЭЦҚ-мен қол қойса, осы Келісімнің шарттары осындай іс-қимылға байланысты барлық электрондық хабарламаларға қолданылады.

Қолы

Мөрі

№1 қосымша

«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы Келісімге

1. Осы Келісімге жазылу парағының нысаны:

«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы Келісімге ЖАЗЫЛУ ПАРАҒЫ к Соглашению об использовании электронной цифровой подписи в системе электронного документооборота ЕТС

_____, (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып ұйымның толық атауы)

мекен-жайда тіркелген
орналасқан жер)

(құрылтай құжаттарында көрсетілген

- 1) ЕСЖ электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы Келісімге қосылады;
- 2) Келісімде қарастырылған жағдайларда және тәртіппен электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану мүмкіндігімен келіседі;
- 3) Келісімнің басқа Тараптарымен туындаған даулар ЕСЖ Биржалық арбитражында оның Регламентіне сәйкес шешілетінімен келіседі;
- 4) Келісімге өзгерістердің Директорлар кеңесінің шешімдерімен біржақты тәртіппен енгізілетінімен келіседі.

Осы Жазылу парағын ЕСЖ-ға беру күні _____.

Ұйым басшысының лауазымы мен Т.А.Ж.

Ұйым басшысының қолы

Ұйым мөрі

2. Осы Қосымша ЕСЖ электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасының қолы

ЕСЖ мөрі